

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

Қорытындылай келе, өзін-өзі бақылау- әр білім алушының бойында, өмірінде болуы керек дағды. Жоғарыдағы теориялық бөлімге негізделе отырып мектепте тәжірибе жүргізу көзделуде. Жұмыс жасалатын нысан жасөсперімдер болғандықтан, социометрия әдісі арқылы психологиялық-әлеуметтік жағдайы анықталып, деңсаулық картасы тексеріледі. Білім деңгейлері мен деңсаулық жағдайларына қарай органикалық химия сабағынан өзін-өзі бақылау карталары, тапсырмалар, дидактикалық материалдар дайындалады. Тәжірибеде материалдарды қолданып, сабактар өтіледі. Білім алушылармен зерттеу жүргізілгенге дейін және кейін саулнама алынып, статистикалық түрде қорытындысы алынады.

Оку- тәрбие процесінің өте маңызды құрамдас бөлігі - өзін-өзі бақылауды барлық мұғалімдер өз сабактарында тиімді қолданып, әр оқушының бойында осы дағдыны қалыптастыруы керек деп санаймын.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Gordeeva T.O., Osin E.N., Suchkov D.D., Ivanova T.Yu., Sychev O.A., Bobrov V.V. Self-Control as a Personal Resource: Determining Its Relationships to Success, Perseverance, and Well-Being// Russian Education & Society, 2018

2. Замурий И. В. Формирование самоконтроля и самооценки учащихся при изучении химии // Химия. Всё для учителя!, №11, 2017

3.Петрищева Л.П., Попова Е.Е., Мелехина В.В., Лиштванова М.В., Организация самоконтроля на уроках химии / Мастерская публикаций (16+), - 2020

4. Попова Е.Е., Петрищева Л.П., Лиштванова М.В., Малованова И.Р. Квиз-игра как способ организации самоконтроля на уроках химии // Мичуринский государственный аграрный университет г. Мичуринск, Россия, 2020

5. Куанышева Ж.Қ., Амангелді Н., Акимбаева Н., Арғынбаева З.М. Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында оқушылардың өз оқу әрекетін бақылауы // ҚазҰУ хабаршысы, 2020

## **ОӘЖ 378.147**

### **«ОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІН ОҚЫТУДА ҮЛГЕРМЕГЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРИН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Қалмағанбетова Гүлсезім Мұхаммадханмаратқызы**  
*sezimmaratova@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Турсынова А.К.

Танымдық іс-әрекет, нәтижесінде білім алушылардың белсенділігі оқу сапасын арттырудың маңызды факторы болып табылады және сонымен бірге оқу процесінің нәтижесінің көрсеткіші болып табылады, өйткені ол тәуелсіздіктің дамуын, білім беру мазмұнын игеруге ізденіс-шығармашылық қозқарасты ынталандырады, білім алушыларды өзін-өзі тәрбиелеуге итермелейді. Басқаша айтқанда, танымдық іс-әрекеттің мәні білім алушының танымдық салаға теренірек және мұқият енуге деген үмтүліктері, тақырыппен шүғыл түрде айналысуға деген үмтүліктерін сипатталады.


Білім алушылардың танымдық белсенділігін дамыту проблемасы оқыту теориясы мен практикасында танымдық қажеттіліктері мен мүдделерін дамытуға және қалыптастыруға бағытталған оқыту мазмұнын, нысандарын, әдістері мен одан әрі жетілдірудің жаңа тәсілдерін іздеуді талап етеді [1].

Ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану, онлайн платформаларда тапсырмаларды ұсыну химияны оқытудың жаңа перспективалары мен

мүмкіндіктерін ашады. АКТ-ны сабактың әртүрлі кезеңдерінде яғни, жаңа материалды түсіндіру кезеңінде, білімді, білікті және дағдыларды түзету үшін қолдануға болады. Ақпараттық технологиялар мен онлайн қосымшалар сабактарды жарқын және мазмұнды етеді, білім алушылардың танымдық қажеттіліктерін және олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады. Қойылған міндеттерді шешуге мультимедиалық сабактар сериясын өткізу кезінде қол жеткізіледі. Анимация, дыбыстық және динамикалық эффекттер арқылы оқу материалы есте қаларлық, оңай болады. Химия сабактарында компьютерлік бағдарламаларды қолдану, соның ішінде виртуалды лаборатория: химиялық процесті модельдеуге, қауіпті реакция жасауға мүмкіндік береді [2].

Білім алушылардан «Органикалық химияның теориялық негіздері» пәнін оқытуда алдын-ала сауалнама жұмыстары жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде, білім алушылар эксперименттік топ пен бақылау топқа жіктелді.

Алғашқы сұрақ: «Сізге «Органикалық химиялық теориялық негіздері» пәні үнайды ма?»



Сурет 1 Студенттердің «Органикалық химияның теориялық негіздері» пәніне көзқарасы

Келесі сұрақ: «Органикалық химияның теориялық негіздері» пәнін оқу не үшін қажет деп ойлайсыздар?»




Сурет 2 Студенттер үшін пәнді оқудың маңыздылығы

Келесі сұрақ: «Пәнді ЖОО қабырғасынан тыс жерде окуга қандай қызығушылық танытасыз?»





Сурет 3 Студенттерінің курс бағдарламасынан тыс пәнге деген қызығушылығы



Сурет 4 Студенттердің пәнді оқу бойынша әдістерді таңдауы


Бастапқы талдау нәтижелері бізге пәнде оқу студенттердің танымдық қажеттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын теориялық түрғыдан негіздеуге және әзірлеуге мүмкіндік берді. Сауалнаманың тиімділігінің арқасында, білім алушылармен жаңартылған ақпараттық технологиялар мен ойын технологиясының негізінде онлайн платформаларда сабак өткіздім. Сабак барысында, білім алушыларды жалықтырып алmas үшін, бір ғана платформа емес, әртүрлі платформаларды байқап көрдім. «Органикалық химияның теориялық негіздері» пәнін жүргізуде қолданған онлайн платформалар: classroom.google.com, Kahoot!, LearningApps.org, ChemSketch, quizizz.com және wordwall.net.

Онлайн платформаларда жасалған тапсырма мысалдары:



Сурет 5 Shem Sketch бағдарламасы

Сурет 6 LearningApps.org бағдарламасы



Сурет 7 Химиялық сөзжұмбақ



Сурет 8 Сәйкестендіру ойыны


Процесстегі оқушылардың бірлескен қызметті оқу материалын білу және игеру әркімнің өзінің жеке үлесін қосатынын, білім, идеялар, іс-әрекет тәсілдерімен алмасатынын білдіреді. Бұл олардың қарым-қатынас дағдыларын дамытатын қабілет пен өзара қолдау атмосферасында болады: басқаның пікірін тындау, әртүрлі көзқарастарды өлшеу және бағалау, пікірталасқа қатысу, бірлескен шешім қабылдау. Интерактивті жұмыс түрлерінің тәрбиелік мүмкіндіктері де маңызды. Олар білім алушылардың арасында эмоционалды байланыс орнатуға ықпал етеді, топта жұмыс істеуге үйретеді, өзара түсіністік және өзіндік жетістік сезімін сезінуге көмектеседі [3].

Екі топ білім алушыларының тапсырмаларды орындау нәтижелері кестеде берілген.

Кесте 1 Білім алушыларды «Органикалық химияның теориялық негіздері» пәні бойынша білім мен дағдыларының деңгейлері бойынша бөлу

Білім алушылардың білім деңгейі	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Жоғары	40%	18%
Орташа	45%	40%
Тәмен	5%	47%

Кестеден эксперименттік топ студенттерінің 40% 10-15 тапсырманы орындалған, жоғары нәтиже көрсетті. Бұл алдыңғы нәтижеден 30%-ға өскен. 45% оқушы 5-10 тапсырманы орындағаса, 5 тапсырмадан тәмен орындаған студенттердің үлесі 5% құрады.



Сурет 9 Эксперименттік топ студенттерінің білім деңгейі (салыстырмалы)

Сурет 10 Бақылау тобы студенттерінің білім деңгейі (салыстырмалы)

Диаграммадан көріп отырғанымыздай, эксперименттік топ студенттерінің «Органикалық химияның теориялық негіздері» пәні бойынша үлгерімдері өскен.

Бақылау тобы студенттерінің 18%-ы жоғары нәтиже көрсетті. 40% орташа, 47%-ы тәменгі нәтиже иеленді.

Қорытындылай келе, жағдайды жақсарту үшін әр білім алушыға оның жеке ерекшеліктері мен дайындық деңгейін ескере отырып, жеке көзқарас қажет. Қосымша сабактар өткізу, кеңестер үйымдастыру, қосымша білім беру ресурстарына қол жеткізу маңызды. Сондай-ақ студенттердің оқу процесіне белсендерді қатысуына ықпал ететін оқытудың тиімді әдістемелерін әзірлеу және енгізу қажет.

«Органикалық химияның теориялық негіздері» пәні бойынша ұлгермейтін студенттердің танымдық қажеттіліктерін дамыту саласындағы күш-жігер білім сапасын жақсартуға және студенттердің осы санатының ұлгерімін арттыруға мүмкіндік береді.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Сафина Л.Г. Активизация познавательной деятельности учащихся на уроках химии с помощью игровых технологий //Самарский научный вестник. – 2014. – №. 2(7). – С. 102-103.

2. Доненко В.Д. Информационно-коммуникационные технологии в обучении химии //Реализация компетентностного подхода в спо посредством интерактивных технологий как условие повышения качества подготовки обучающихся и выпускников. – 2017. – С. 38-40.

3. Алмабекова А.А., Кусаинова А.К., Алмабеков О.А. Формирование познавательной деятельности студентов на занятиях по химии //Вестник КазНМУ. – 2015. – №. 3. – С. 389-391.

## **ӘОЖ 378.147**

### **БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯНЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ**

**Қаразым Алтынай Серіккызы**

*altyunay.karazym@gmail.com*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Колпек А.

Қазіргі таңда қолданылатын дәстүрлі оқыту әдістерінің қатарында дәріс, зертханалық және сармандық сабактар, білім алушылардың өзіндік жұмысы, зерттеу жұмыстары бар. Бірақ бұл әдістердің барлығы тәжірибеде дәлелденген артықшылықтармен қатар айтарлықтай кемшиліктерге де ие. Оқыту жүйесінің тиімділігі төмен және білім алушылардың өз бетімен оқу әрекеті бәсендеде болады. Білім беру үрдісін дәстүрлі дәріс-семинарлық жүйемен оқыту білім алушылардың білім мен дағдыларды қалыптастыруына кері септігін тигізеді. Сол себепті білімді қалыптастыруды пассивті игеруден оқу үдерісін оларды өндірудің белсендердің үдерісіне және заманауи оқыту технологияларының көмегімен одан әрі қолдануға негізделу қажет [1].

Модульдік оқыту білім алушыларға бағытталған, бұл оқу барысын оңтайландыруға және оқу мақсаттарына жету, білім алушылардың танымдық және жеке қабілеттін дамыту үшін оның тұтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл оқыту технологиясы білім алушыларды оқу, ғылыми және анықтамалық әдебиеттермен жұмыс жасау кезінде өз бетінше ізденуге негізделген. Модульдік оқыту технологиясы білім алушының белсендердің қатаң бақылауды және өз бетінше жұмыс істеудің маңызды мүмкіндіктерін біріктіреді [2].

А.О. Максимович оқытуды модульдендіруде келесі әдістер қолданылады деп атап көрсетеді:

- ақпарат (дәріс, жағдаяттық дәріс, әңгімелесу, кеңес беру, көрсету және т.б.)
- операциялық (алгоритмдер, зертханалық жұмыстар және т.б.);
- іздену (пікірталас, іскерлік ойын, ситуациялық тапсырмалар, миға шабуыл,